



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

Список литературы:

1. Уроки Ибрая Алтынсарина. Алматы, «Жазушы», 1991. 265 с.
2. Журнал «Казахский язык и литература», 2008 г. №5 – 6
3. Пособие для учителя. «АОО Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016
4. Журнал «Самопознание», 2015 г. №4–5

ӨОЖ 37.034

СПАНДИЯР КӨБЕЕВТІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Оспанова Мәншүк Хасенханқызы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ–нің 2 курс магистранты
E – mail: monika_kspi@mail.ru
Қостанай қаласы, Қазақстан.

Аңдатпа

Мақалада Спандияр Көбейұлының ұстаздық жолы мен ағартушылық қызметі баяндалады. Ұстаздың қазақ қоғамының сауаттандыру ісіне қосқан үлесі мен шығармалары сипатталған. «Үлгілі бала», «Үлгілі тәржімә», «Орындалған арман» шығармаларының ағартушылық мазмұны сипатталды.

Түйінді сөздер: *ағартушылық, мектеп, білім, педагог.*

Аннотация

В статье рассказывается о педагогическом пути и просветительской деятельности Спандияра Кобеева. Описан вклад и труды учителя в просвещение казахского общества. Было описано просветительское содержание произведений «Образцовый ребенок», «Образцовый перевод», «Сбывшаяся мечта».

Ключевые слова: *просвещение, школа, знание, педагог.*

Abstract

The following article represents the facts about the pedagogical path and educational activities of Spandiyar Kobeev. The article describes the contributions of the teacher to the enlightenment of Kazakh society. Additionally, the article characterizes the educational content of the works «Exemplary Child», «Exemplary Translation», «Dream Come True».

Key words: *education, school, knowledge, teacher.*

Қазақ даласында ағартушылық идеясы Ресей бодандығына қарсы күрес барысында дамыды. Қазақ халқының сауаттандыру мен ағартушылық – демократиялық бағытын жалғастырған ағартушы – ұстаздардың бір тобы қазақ қоғамын жаңғырту ісімен белсенді айналысты. Халықтың сауатсыздығын жою жұмыстары мен қазақ қоғамын ғылым – білімге тарту мақсатын көздеген қазақ зиялылары айналысты. Қазақ ағартушыларының көпшілігі орыс ғылымы мен мәдениетін игеріп, кейде орыс шығармаларын қазақшаға аудару ісімен айналысып, өркениетті қоғам қалыптастыру ісінде аянбай еңбек етті. Ресейге қосылу нәтижесінде Қазақстанда өндіргіш күштер мен халық ағарту ісін ұйымдастыру және басқаруда ілгерілеу байқалды. Аймақтың халқының тағдырында осы бетбұрысты байыптап ұғынуға деген қоғамдық қажеттілік туды. Ол қажеттілік XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болған және қоғамдық сананың дамуында жетекші рөл атқарған ағартушылық ой түрінде көрініс береді [1, б. 7].

Қазақ халқының ағартушылық идеясын дамытуда еңбек сіңірген, қазақ зиялыларының бірі – Ыбырай салған ұстаздық жолды жалғастырушы, педагог – жазушы Спандияр Көбейұлы. Спандияр Көбейұлы 1878 жылы 1 қазанда Қостанай облысы Меңдіқара ауданында дүниеге келген. Спандияр өз туған кезін былай еске алады: «Менен бұрын бес баласы, бір қызы бар ата – ана мен дүниеге келгенде, сірә, қуана қоймаған болу керек. Ес біліп етек жапқан кезде анамыз «Сені әрі суық, әрі қатты мұқтаждық көрген кезімізде туып едің» деуші еді. Күзекте күзгі қара суықта азық жағы тапшы кедейдің қараша киіз үйінде босану анаға қандай қиын соқса, не жағатын отын, не әйеліне қалжаға асар ет тауып бере алмай қиналған әкеме де оңай тимеген сықылды».

Спандиярдың әкесі – Көбей мұсылманша хат таныған, шыншыл, қол өнерімен (етік тігу, балташылық, кәсіппен, т.б.) күн көрген адам. Ол сөзге сараң, ел әңгімесімен көп араласпайтын дарашылдау болған. Спандиярдың әкесі балаларын оқытпақшы болып көбірек әрекеттенген. Оның бұл мінезін ауыл байлары жақтырмай, «Әлін білмеген әлек» деп, «осы қу кедей Көбейдікі не жарбандап» деп, әңгіме етискен екен. Спандиярдың анасы – Айтбоз да өте қайратты, ақылды, шыншыл адам болған. «Анамызда өз ауылымызда өте қадірлі адам болды. Өз өте қайратты және есті кісі еді. Анам, оқымаған қарапайым қазақ әйелі, бүкіл бір ауылға ортақ ана сияқты болатын.

«...Жеті ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірген, олардың шексіз мекнат – бейнетін тартқан, үй шаруасындағы бір әйел болған анамыз не қабағын шытқан, не балаларын ұрып – соғып, жаман сөз айтқан адам емес еді. Балалары біздер де оның сөзін екі етпейтінбіз, тыңдайтынбыз. Әкемізбен екеуі тату тұратын, бірін – бірі сыйлайтын. Мен ес біле әке – шешемнің ренжіскенін, немесе бір – біріне қатты сөз айтқанын естіген емеспін. Анамыз шыншыл адам болды. Қиянат атаулыны, өсек – аяң айтушыны қатты шенеп, мінеп отырушы еді. Анамыздың осы мінезі балалары біздерге үлкен зор әсер етіп, өшпес із қалдырды» – дейді С.Көбейұлы. Осындай отбасында тәрбиелену келешек жазушы – педагогтің адамдық мінез – құлқының қалыптасуына, тіпті оның бүкіл өмір жолы мен қоғамдық қызметіне едәуір әсер етеді. Оның ағартушылық және ұстаздық қызметі – қазақ әдебиетіндегі демократиялық, ағартушылық және гуманистік бағытта дамыды.

Қазақ халқының ағарту ісі жұмыстарына белсенді ат салысқан ғұлама педагог – ағартушының ұстаздық қызметі Петропавлдағы екісыныптық орыс – қазақ мектебінде бастау алады. Оқытушылық қызметінде өз шәкірттеріне тиімді оқу үдерісі мен құнды ақпараттарды қалдыруды мақсат тұтты. Сондықтан да, орыс ақын – жазушыларының шығармаларын қазақшаға аударып, қазақ балаларына ұсынды. С.Көбейұлы кеңестік білім беру жүйесінде ұлт мектептерінің мүддесін басты орынға қойды. Ұлт мектептерінде ең алдымен ана тілінде сауат ашу мәселесі қолға алынуы қажетігіне назар аударды. «Үлгілі бала» хрестоматиясын құрастырғандағы негізгі ойлаған мақсат, көздеген нысаны – жас ұрпақты өнер – білімге, әділеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу болған. С.Көбейұлы мұғалім беделін көтерудің төмендегідей үлгілерін ұсынады:

- Қоғамдық жұмыстарды белсенді атқару қажет
- Педагогика ғылымын егжей – тегжейлі білуге міндетті
- Мұғалім өз пәнін өте жақсы білуімен қатар, басқа пәндерден хабардар болғаны жөн.
- Ол сыныптың құрамын, әр баланың жеке бас ерекшелігін зерттеп үйренген дұрыс
- Балалар ұжыммен қоян – қолтық араласып, оларға талаптар қойып, олардың орындалып отыруын бақылауға міндетті
- Мұғалім жүріс – тұрыс, киген – киімі, сөйлеген сөзі арқылы үлгі болуы керек
- Мұғалім баланы жақсы көруі керек [2, б. 38]

Мұғалім тұлғасына қойылатын талаптарды жинақтай келе, баланы оқытуда, тәлім – тәрбие беруде ұстаз қызметінің маңыздылығына назар аударады. Ұстаздың балаға үлгі болуы керектігін, оның оқыту әдістемесін, педагогика мен психология сынды пәндерден білімі терең болуын, балалар ұжымымен қарым – қатынасты орната білу керектігіне мән береді.

Спандиярдың алғаш білім нәрімен сусындаған жері Ыбырай Алтынсарин ашқан қазақ – орыс ауыл мектебі, кейін Қостанайдағы орыс – қазақ мектебінде, мұғалімдер даярлайтын оқу – курсында тәлім алады. 1901 жылы педагогикалық курсты бітірген Спандияр Көбеев бастауыш мектепке мұғалімдік құқық алады. Жасынан Ыбырай Алтынсарин жолын қуып, оқытушы болуды армандаған ол орыс мектептерінде алған білімін елге таратуды мақсат етеді.

«Алдымда туып – өскен ауылым. Мәдениеттен кенже қалған қараңғы ауыл. Менің ендігі өмірім сол ауылда өтпекші. Сол ауылда қолымнан келгенше мәдениет шамшырағын жақпақшымын. Бір кездегі өзім сияқты, кіршіксіз, таза, уыз тілекті жас жеткіншектерді оқытып, солардың көзін ашып, ғылым жолына, мәдениет соқпағына түсіремін деп асығып келемін» деген, Қостанайдан өз ауылына қайтып келе жатқан жас Спандиярды билеген осы ойлар надандық торына шырмалған өз халқына деген үлкен сүйіспеншіліктен туған еді.

Оның ең алғашқы туындылары Крыловтың шығармаларын аударудан, ауызша айтып жүрген мысалдарын жинақтаудан басталады. Ыбырай Алтынсариннің ізбасары Спандияр Көбейұлы балаларға орыс тілі мен әдебиеті бойынша сабақ береді. Ең алғашқы кітабы 1910 жылы Қазанда «Үлгілі тәржіме» деген атаумен баспа бетіне шығады [3, б. 94].

«Мен Пушкин, Лермонтов сияқты ақын – жазушылар шығармаларының мазмұнын айтып түсіндірдім, әсіресе Крыловтан мысалдарды көбірек оқып, аудардым» – деп естеліктерінде жазған екен. Сөйтіп, ол орыс әдебиеті мен мәдениетінің белгілі насихатшысы болған. Ол аударма арқылы қазақ оқушыларына игі ой салу мақсатын көздеді.

Спандияр Көбейұлының ұстаздық қызметіне деген сүйіспеншілігін оның атқарған қызметі мен шығармашылығы арқылы көз жеткізуге болады. Надандық пен еріншектіктен аулақ болу керектігі туралы насихаттау жұмыстарын жүргізді. Өз шәкірттерін құрал – жабдықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын белсенді жүргізді. «Үлгілі тәржіме», «Үлгілі бала», «Орындалған арман» шығармалары ағартушылық, педагогтік қызмет тақырыбына арналған туындылар болып табылады. Бұл туындылардың арасында 1951 жылы жария болған «Орындалған арман» мемуарлық кітабының орны ерекше. Бұл туындының көтерген тақырыбы – педагог – жазушының өмірбаяны, қызметі, өскен ортасы. Өмір жолында кездестірген адамдар, олардың тағдырлары мен қилы заман кезеңдері мен тағдыры жайлы баяндалады.

Спандияр Көбейұлы бала оқыту ісімен айналысу кезінде өз ұстазы Ыбырайдың салған жолын үлгі ете отырып, жалғастыруға тырысқан. Балаларды қараңғылық пен надандықтан құтқарып, білім алудың маңыздылығы мен тәрбиелеу ісіне ерекше көңіл бөледі. Өз оқушыларына Ыбырай әдісін

қолданып, ғылым негіздерін үйретеді. Өзінің ұстазына еліктеген Спандияр ұстазының ағартушылық педагогикалық идеясын жүзеге асыра бастайды. Спандияр бос уақытында ауыл адамдарын жинап, оларға табиғат, география, тарих сияқты ғылым негіздерінен түсінік беріп, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінен әңгіме айтып беретін болған. Орыс әдебиеті жазушыларының бірі – И.А.Қрыловтың мысалдарын аудару жұмысымен айналысады. Сабақ беру кезеңінде мысалдарды негізге алып оқыту үдерісіне пайдаланды. «Үлгілі бала» атты еңбегінде бастауыш сынып оқушыларына арналған әңгімелер мен мысалдарды жинақтаған. Мысал өлеңдерінде бай әкімдердің іс – әрекеттерін әшкерелеуге, ұнамсыз кейіпкерлердің мінез – құлқын сынау арқылы оқушыларға бұдан аулақ болуға үлгі етеді. Кітаптағы мысалдарды орыс мысалшыларының еңбектерінен аударып, кейбіреуін өзі жазып шыққан. Мысал арқылы қазақ балаларына үлгі, тәлім – тәрбие, ғибрат беруді көздеген. Мысалдардың көтерген тақырыбы – әлеуметтік теңсіздік, қатыгездік пен үстем тап өкілдерінің іс – әрекеттерін сынау. Бұл еңбек балаларға қоғам тұрмысы, адам тіршілігі, адамдардың мінез – құлқы жөнінде қысқа да ықшам мазмұнда жазылған өлеңдер болып табылады.

1939 жылы ағартушылық саласындағы ұзақ жылдық қызметі үшін Спандияр Көбейұлы «Ленин» орденімен марапатталған. 1944 жылы оған «Қазақ КСР–нің еңбек сіңірген мұғалімі» деген атақ берілген. 1947 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланады. 1949 жылы екінші рет «Ленин» орденімен марапатталған.

Қорыта келе, Спандияр Көбейұлы қазақ қоғамының гуманистік, ағартушылық дамуына елеулі үлес қосты. Ұстаздық қызметі арқылы қазақ қоғамын біліммен сусындырып қана қоймай, оқыту ісінде бірнеше еңбектер жарыққа шығарды. Спандияр Көбейұлышығармаларының ағартушылық идеялары бүгінгі күндегі білім беру жүйесімен тығыз байланыста. Көтерген тақырыптары мен мәселелерін бағамдау арқылы оған көз жеткізе аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Серік Қирабаев., Спандияр Көбеев. Өмірі мен жазушылық қызметі. / Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. Алматы 1958
2. Ғабитов Т., Ильясов Ж., Жамалов Қ., Әбішев Қ. «Қазақ ағартушыларының философиясы» Жиырма томдық, 10 – том. Астана: Аударма, 2007. 472 б. ISBN 9956–18–217–5
3. Ибраева Л.Б. «Спандияр Көбеевтің әдеби мұраларының Ыбырай Алтынсаринмен үндестігі» // Педагогическая наука и практика. 2014. №3 (5)
4. Асем Ерғалиевна Абдурахманова, Жандос Абдазимович Байзаков Еңбегі сіңген мұғалім – Спандияр Көбейұлы // Central Asian Academic Journal of Scientific Research. 2021. №3

ӨОЖ 37.034

Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫМЕН ҮНДЕСТІГІ

*Оспанова Сабина Макуовна
педагог – модератор, ағылшын тілі мұғалімі
Рақымжанов Исламбек Ғалымжанұлы
педагог – эксперт, география пәнінің мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің № 13 орта мектебі» КММ
Рудный қаласы, Қазақстан
E – mail: Worker.2014@mail.ru*

Аңдатпа

Аталмыш мақалады Ыбырай атамыздың педагогикалық көзқарасы бүгінгі күннің білім беру жүйесіндегі өзектілігі мен маңызы айтылады. Жас өрендерді білім – ғылымға баулу арқылы қарапайым халықтың сауаттылығын ашуды көздейді. Бүгінгі күні еліміздің білім саласындағы күрделі өзгерістер мен оның мемлекетіміздегі білім сапасын жетілдіруге, заман ағымына сай бейімдеуге бағдарланған. Киелі қазақ даласының өткені мен бүгінін байланыстыратын Ыбырай Алтынсариннің оқу – әдістемелігі туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: оқыту, тәрбие, құзыреттілік, методика, реформа, сыни ойлау

Аннотация

В данной статье рассматривается актуальность и значение педагогического подхода нашего деда Ыбрая в современной системе образования. Он призван открыть грамотность простых людей путем приобщения молодежи к образованию и науке. Сегодня комплексные изменения в сфере образования нашей страны направлены на повышение качества образования в нашей стране, адаптацию его к современным